

Шетел инвестициялары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1996 жылғы 11 қантардағы N 14

Шетел инвестиацияларын тарту және оларды жекешелендіру арқылы Қазақстан Республикасының алтын өндіру салаларындағы кәсіпорындарын дамытуды жеделдету мақсаттарында:

1. Индонезия, Малайзия, Сингапур, Канада, Ұлыбритания шетел

компаниялары топтарының Қазақстанның алтын өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарын инвестициялауға қатысуы туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Инвестицияларды тарту туралы және Бақыршық бірлескен кәсіпорнының, "Ақбай кен-байыту комбинатының", сондай-ақ "Алтыналмас" акционерлік компаниясының мемлекеттік мүлкін жекешелендіру туралы келіссөздер жүргізу және бірлескен ұсыныстар даярлау үшін мына құрамда жұмыс тобы құрылсын.

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің бірінші орынбасары, төраға

Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Раханов М.С. - Қазақстан Республикасының Жекешелен. діру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бірінші орынбасары

Макұлбеков Н.А. - "Алтыналмас" акционерлік компаниясының президенті

Жұмыс тобына Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөздер жүргізуге құқық берілсін.

3. Жұмыс тобы материалдарды 1996 жылғы 20 қантарда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын, ресімдеуді осы жылғы 25 қантарға дейін аяқтасын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК